

Берешекті өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 10 қазан N 477

"Шығыс Қазақстан облысы түсті металлургия кәсіпорындарын дағдарыстан шығару жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 11 сәуірдегі N 425 P960425_ қаулысының 10-тармағын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің осы қаулыны орындау барысы туралы 1996 жылғы 19 шілдедегі мәжілісі N 7 хаттамасының 7-тармағын орындау мақсатында:

1. Шығыс Қазақстан облысының әкімі мен "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамының Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен, Экономика министрлігімен, Денсаулық сақтау министрлігімен және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісілген Өскемен қаласында емдеу-сауықтыру кешенінің құрылысын салу кезінде "Лавчевич" акционерлік қоғамы" хорват фирмасына валюталық берешегін фирмаға қондырылмаған медициналық, инженерлік-техникалық жабдықты және материалдарды , сондай-ақ емхананың медициналық жабдығын қайтару есебінен өтеу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамы пайда болған берешекті өтеуді ескере отырып "Лавчевич" акционерлік қоғамы" фирмасына жоғарыда аталған жабдық пен материалдарды қайтаруды ұйымдастыру жөніндегі негізгі контрактіге қосымшаға қол қойсын.

3. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті контрактіге қосымшада көрсетілген жабдық пен материалдарды кеден процедураларына төлем жасаусыз қайта экспорттауға рұқсат етсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Алматы темір жол басқармасы темір жолмен жүкті тасымалдауды Ресей Федерациясының шекарасынан өтіп Локоть станциясына дейінгі барлық жоқ бойында сақтандырусыз ресімдесін.

5. Шығыс Қазақстан облысының әкімі Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп үш ай мерзім ішінде Өскемен қаласындағы емдеу-сауықтыру кешенін одан әрі пайдалану туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізсін.

6. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзімде қалдырамын.

Премьер-Министрдің
орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК